

**"Әкімшілік құқық және әкімшілік іс жүргізу" пәні бойынша ХҚФ,
Халықаралық құқық бөлімінің
4 курс баклавриаттарына
арналған қорытынды
емтихан бағдарламасы
Оқытушы – Апенов С.М.**

ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАНДЫҚ БАҚЫЛАУ

Емтиханды өткізу нысаны – оффлайн платформасында жазбаша

Билеттерді Универ жүйесі арқылы деканның Оқу-
әдістемелік және тәрбие жұмыстары жөніндегі
орынбасары жасайды.

**"Әкімшілік құқық және әкімшілік іс жүргізу" пәні бойынша
емтиханды сәтті тапсыру үшін студент:**

- өткен бағдарламаға сәйкес оқыту курсын мүқият зерделеу;
- курс тақырыптары бойынша қосымша әдебиеттерді зерттеу;
- әкімшілік құқықтың практикалық сұрақтарына жауап беру үшін ұғымдық және терминологиялық аппаратпен жұмыс істеу;
- сұрақтарға жауаптың анықтығын қаматамасыз ету үшін Әкімшілік кодекстің ережелеріне сүйену ;
- берген жауапқа сенімділігін көрсету үшін әкімшілік құқықтың ережелерді келтіре отырып жауабын негізделген түрде беру;
- әкімшілік істер бойынша сот, арнайы органдары анық бір шешім қабылдайтындықтан балама жауаптарды өз шешімі ретінде келтірмеу.

Емтихан өткізу ережелері.

Жазбаша емтихан бейнекамерасы бар аудиторияда өткізіледі.

Жазбаша емтиханды бастамас бұрын студент келу парағында көрсетілген орынға отырады. Ережелерді бұзған студент етихан тапсыру аудиториясынан шығарылады және емтихан тапсырылмаған болып саналады.

Билетте 3 сұрақ болады. Қорытынды бақылау сұрақтары міндетті түрде сабактың барлық түрлерінде (дәрістер, практикалық, СОӘЖ) қарастырылатын тапсырмаларды, сондай-ақ аралық бақылауға берілген сұрақтарды қамтиды.

Емтихан тапсыру уақытында сыртқа шығуға рұқсат етілмейді.

Жауапты дайындау уақыты- 2 сағат.

Бағалау саясаты. Қорытынды бақылау (емтихан) - 100 балл. Бағалау келесі схемабойынша жүзеге асырылады:

- 1 сұрақ - 33 балл
- 2 сұрақ - 33 балл
- 3 сұрақ - 34 балл.

Емтиханды өткізу кестесі.

Емтихан бекітілген кестеге сәйкес өткізіледі, ол туралы студенттерге хабарланады.

Баллдар Универ АЖ-дегі қорытынды ведомоске қойылады. Жазбаша емтихан үшін аттестаттау ведомосына балл қою уақыты-24 сағат.

Емтихан сұрақтары құрастырылған курс тақырыптарының тізімі:

1. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заны, жүйесі және міндеттері мен қағидалары.
2. Әкімшілік жауаптылық, оның негізі.
3. Әкімшілік құқық бұзушылықтың түсінгі және белгілері.
4. Әкімшілік құқық бұзушылықтың құрамы және оның белгілері.
5. Әкімшілік шаралар.
6. Әкімшілік жауаптылықтан және әкімшілік шарадан босату.
7. Әкімшілік құқық бұзушылықтарды топтастыру.
8. Әкімшілік құқық бұзушылықтарды қарауға өкілетті органдар.
9. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша өндірісті жүргізу.
10. Дәлелдемелер мен дәлелдеу.
11. Әкімшілік істер бойынша өндірісті қамтамасыз ету шаралары.
12. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қозғау.
13. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау.
14. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша занды қүшіне енбекен және енген қаулыларды қайта қарау.
15. Әкімшілік істер бойынша қабылданған шараларды орындау тәртібі.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі.
2. ҚР Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларының жинағы.
3. Қызылов М.А., Карпекин А.В. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы. Оқу құралы (схемалар). –Алматы: Жеті Жарғы, 2002.
4. Баянов Е. Әкімшілік құқық. Оқулық. –Алматы, 2007.